

**«Қ. ҚҰЛАЖАНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИЗНЕС УНИВЕРСИТЕТІ»
КОЛЛЕДЖІ**

«Бекітемін»
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Ш. Р. Айтжанова Айтжанова Ш.Р.
«*20*» жүйісі 2025ж.



**«1211000 Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу»
мамандығының студенттері үшін
«КИІМДЕРДІ ҚҰРАСТЫРУ»
пәнінен курстық жұмысты орындауға арналған
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ**

Астана 2025

Қ. Құлажанов атындағы «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ колледжі әдістемелік кеңесінің отырысында қаралды, (2025 жылғы «32» 10, № 4 хаттама)

Рецензенттер:

Байжанова Жазира Болатбековна - т.ғ.к., Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБҰ қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы.

Әзірлеуші: Нұрұмова Гүлнарара Нұрбаевна - арнайы пәндер оқытушысы

«Кімдерді құрастыру» пәнінен курстық жобаны орындауға арналған әдістемелік нұсқау. Астана, 2025ж

Әдістемелік нұсқау оқу жоспары және 1211000 - «Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу» мамандығының күндізгі окитын студенттеріне «Кімдерді конструкциялау» пәнінің бағдарламасы таллаптарына сәйкес құрастырылған.

Әдістемелік нұсқауда курстық жобаның мақсаттары, түсіндірме жазбалардың мазмұны, курстық жобаны қорғау тәртібі және баяндама құрылымы, ұсынылатын әдебиеттер тізімі, курстық жоба тақырыптарының нұсқалары, қосымшалар және басқа негізгі мәліметтер баяндалып, материалдар ұсынылған.

Әдістемелік нұсқау «Дизайн и технология» бөлімінің отырысында қаралып, мақұлданып бекітілді: хаттама № 3 «06» 10 2025ж.

Мазмұны

Кіріспе.....	4
1 Курстық жұмыстың міндеті және мақсаттары.....	4
2 Түсіндірме жазбаның мазмұны.....	5
3 Курстық жұмыстың қорғау тәртібі.....	16
4 Баяндама құрылымы.....	16
Әдебиеттер.....	18
Курстық жұмыстың тақырыптарының нұсқалары.....	19
Қосымшалар.....	20

Кіріспе

«Киімдерді конструкциялау» жеке тапсырыспен, кіші бизнес, жеңіл өнеркәсіп өндірісіне мамандар дайындайтын оқу орындарына арналған.

Бұл пән – бұйымның негізгі конструкциясының сызбасын дайындауды үйренуге көмектеседі.

Жеңіл өнеркәсіптің конструкторлық жобалау кезеңі дайын өнім сапасы мен кәсіпорын жұмысының тиімділігіне едәуір әсер етеді. Тұтас бұйымның және киімнің конструкторлық сызбаларын дайындауды үйрену; бұйымды дайындау барысында техникалық құжаттаманы дайындау білу, үлгіні дайындау уақытын мүмкіндігінше қысқарта білуді үйрену қажет. Негізгі басты назар практикалық сабақтарға аударылады – тігін бұйымдарының ассортиментін кеңейту және жаңа заманауи материалдарды пайдалану нәтижесінде сапасы артады, сән бағытына сай киімнің сыртқы түрін жақсарту, бұйым конструкциясын жетілдіру, бұйым сапасын басқару.

1 Курстық жұмыстың міндеті және мақсаттары

«Киімдерді конструкциялау» пәнінен курстық жоба студенттердің жеке формасының бірі болып табылады және төмендегідей мақсаттарды қамтиды:

-классификацияның негізгі сатыларына байланысты бұйым түрінің сапасын анықтайды;

-берілген бұйым түрінің сыртқы түріне сипаттама бере білу;

-сызбаға қажетті алғашқы мәліметтерді таңдай білу;

-өндірістік өнеркәсіп жағдайында технологиялық өңдеуді ескере отырып, бұйымды дайындауда костюм конструкциясын сыза білу;

-костюм тарихында кейбір сұрақтарды және киімді көркемдік әшекейлеудің заманауи жағдайларын және костюм сұрақтарын білу.

Курстық жоба тақырыбы жеңіл өнеркәсіп саласының даму сатысына жауап беретін, ғылым мен техника дамуына және заманауи жағдайына жауап беретін, өзектілігі жоғары болуы тиіс.

-Тағайындалуына байланысты бұйымға қолданылатын материалдарды таңдау.

-Бұйымды дайындау үшін құрал-жабдық пен өңдеу әдістерін таңдау.

-Бұйым дайындау уақытын қысқартатын және бұйым сапасын қамтамасыз ететін өңдеу әдістерін таңдау.

-Бұйым дайындау үшін технологиялық операциялар бірізділігін құрастыру.

2. Түсіндірме жазбаның мазмұны

«Киімдерді конструкциялау» пәні бойынша курстық жоба түсіндірме жазбалардан тұрады және барлық талаптарға сай орындалады. Түсіндірме жазбаның мәтінінде әдебиеттерге, МЕСТ -тарға, анықтамаларға және т.б. әдебиеттерге сілтемелер беріледі, олар жақша ішінде жазылады.

Түсіндірме жазу келесі құрама элементтерден тұрады:

- жобаның титул беті;
- тапсырма;
- Аннотация (түйіндеме)
- мазмұны;
- нормативті сілтемелер;
- анықтамалар;
- белгілер және қысқартулар;
- кіріспе;
- негізгі бөлім (конструкторлық бөлім);
- қорытынды;
- қолданылған әдебиеттер тізімі;

Қосымшалар (кестелер, сызбалар).
Түсіндірме жазулар А4 форматына Times New Roman немесе KZ Times New Roman шрифтімен, 14 келмен терілуі керек; аралық интервал- бірлік; бет нөмірі араб цифрымен беттің төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз жазылады; сол жақ өлшемі- 30 мм, оң жағы – 10 мм, үстіңгі жолы – 20мм; төменгі жолы – 25мм, абзац – 7,5мм.

Тақырыпты бас әріппен, соңына нүкте қоймай жазады. Жоба көлемі – 25-30 бет. Оның 60-70% - мәтіннен, 30% - сызбалар мен кестелерден, суреттерден; А 3 форматындағы графикалық жұмыстан тұрады.

Графикалық бөлімде тандалған бұйымның сызбасы А1 форматта орындалады.

Титул беті

Титул беті А4 форматына орындалады. Жолды толтыру МЕСТ 2.104 стандарты бойынша 1 Қосымшаға сәйкес жүргізіледі. Титулді бетте сөзді буынға бөлуге және тақырыпты бөліп жазуға болмайды. Тақырып соңына нүкте қойылмайды.

Тапсырма

Курстық жоба тапсырмасы оқу ісінің графигі бойынша, өтіп жатқан семестрдің бірінші аптасынан кешіктірмей беру керек. Тапсырмаға жобаны толтыру үшін негізгі мәліметтер беріледі. Тапсырмада көрсетілуі тиіс: пән аты, студенттің аты-жөні, тобы; жобаның тақырыбы; жобаны жасау және аяқтау этаптары (кезендері); жобаны қорғау уақыты; жетекшінің аты-жөні, оның дәрежесі, қолы, жұмыстың берілген уақыты

Тапсырма 2-ші Қосымшаға сәйкес жеке бланкада толтырылады.

Тапсырмада студенттердің тапсырма алған күні және оның қолы қойылады.

Аннотация

Аннотацияға курстық жоба жөнінде қысқаша негізгі мәліметтер беріледі. Аннотация курстық жобаның көлемі, кесте, суреттердің саны және қосымша мәліметтерді қамтуы керек.

Мазмұны

Мазмұнына реттік нөмірі және бөлім атаулары (бөлімдер, бөлімшелер, пункттер) кіреді, қосымшада олардың белгіленулері мен тақырыпшалары көрсетіледі. «Мазмұны» деген сөз беттің ортасына үлкен әріппен жазылады.

Курстық жобаны толтырған кезде келесі мазмұнды сақтау керек:

1 Есептік -түсіндірме жазбаның мазмұны

- Кіріспе
- 1 Үлгіні таңдау
- 1.1 Үлгінің сыртқы түріне сипаттама
- 2 Бөлшектер спецификациясы
- 3 Конструкторлық бөлім
- 3.1 Киім сызбасын дайындау үшін алғашқы мәліметтер
- 3.2 Киім сызбасына қажетті қосымшалар
- 3.3 Сызба торының алдын-ала жобаланған есебі
- 3.4 Бұйым сызбасы
- 3.5 Техникалық модельдеу әдісін таңдау және негіздеу конструкциясында модельдік
- 4 ерекшеліктерді түсіру
Жабдықтармен жұмыс барысындағы техника қауіпсіздігі
Қорытынды
Қолданылған әдебиеттер тізімі

Нормативті сілтемелер

Мәтінге берілген сілтеме нормативті құжаттар тізімін құрайды. Негізгі құжаттар тізімі келесі сөзбен басталады: «Осы курстық жобада келесі құжаттарға сілтемелер қолданылады.....». Тізімге нормативті құжаттардың мағынасы кіреді және оның аталуы тіркеу нөмірінің келесі осу ретімен келеді:

- Техникалық регламенттер;
- мемлекеттік стандарттар (ҚР СТ);
- мемлекетаралық стандарттар (МЕСТ);
- халықаралық стандарттар;
- техникалық шарттар және т.б

Анықтама

Анықтама төмендегі сөздерден басталады: «Осы курстық жобада келесі терминдерге анықтамалар беріледі...»Бұл жерде курстық жобада қолданылған терминдер немесе анықтамаларды толықтырып қарастырады.

Белгілер мен қысқартулар

Белгілер мен қысқартулар нормалық құжаттарда қабылданған жағдайларға сәйкес болуы керек. Бұл құрылымдық элемент жобада түсінуге керекті белгіленулер мен қысқартуларды құрайды. Белгілер мен қысқартылған сөздер жоба мәтінінде келтірілген ретпен олардың мағынасын түсіндіреді.

Кіріспе

Бағдарлама бойынша студенттерді пәннің мақсатымен таныстыру болып табылады. Пәнді үйрену барысында студенттер киімнің жаңа үлгілерін және тігін бұйымдарын

дайындауда киім сызбаларын дайындауды үйренеді. Дайындалатын бұйымы туралы қысқаша сипаттама беріледі және курстық жобаның мақсаты мен өзектілігі көрсетіледі.

Негізгі бөлім

1.Үлгіні таңдау(сән бағыты, бұйымға қойылатын талаптар)

1.1 Үлгінің сыртқы түріне сипаттама

Таңдалған үлгі осы түрдің ассортименттеріне және олардың тағайындалуына қойылатын талаптарға жауап беруі тиіс.

Курстық жоба дадайындау үшін бір үлгітаңдалады: көйлек, жейде, белдемше, шалбар жәнет.б.

Бөлімде берілген бұйымға жалпы сипаттама жасау қажет, таңдалған үлгінің сән бағытына және технологиялық талаптарға сәйкелетінін негіздену қажет.

Эскиз графикалық түрде беріледі, бұйымның алдыңғы және артқы түрі көрсетіледі, барлық конструктивтік, силуэттік, композициялық сызықтары, бөлшектері көрсетіледі.

Сыртқы түріне сипаттама төмендегіжоспар бойынша орындалады:

- Бұйым түрі;
- Өлшем, бой;
- Стиль;
- Ұсынылатын мата;
- Силуэт, алыну жағдайлары;



1 сурет. Үлгі эскизі

Пішім;
 Иініш түрлері;
 Бедер сызықтырының бар болуы;
 Бұйым ұзындығы;
 Жаға түрі;
 Түймелік түрі;
 Қалтаның орналасуы;
 Сәндік бөлшектер және сәндік тігістер.

2. Бөлшектер спецификациясы

Бөлшектер спецификациясында негізгі мата, астар мата, аралық матадан дайындалатын бөлшектер санымен көрсетіледі. Бұл бөлшектер тізімі 1-кестеге толтырылады.

Кесте 1. Бөлшектер спецификациясы

№	Бөлшектер атауы	Бөлшектер саны	
		лекалда	пішімде
1	2	4	5

3. Конструкторлық бөлім

Өңдеу тәртібін таңдауда тігін өндірісінің технологиясын және техника дамуының негізгі бағыты есепке алынады. Кіші механизациялануды қамтамасыз ететін, құрал-жабдықты есепке ала отырып өңдеу әдістері таңдалады.

3.1. Киім сызбасын дайындау үшін алғашқы мәліметтер

Барлық өлшем бірліктері типтік фигураларда анықталады, ОСТ 17-326-81, ОСТ 17-325-86 негіздерде екінші кестеге жазылады.

Кесте 2. Сызбаны салуға алғашқы берілгендерді таңдау және негіздеу

р/с	Өлшем атауы	Шартты белгі	Өлшем бірлігі (шамасы)

1	Бойы	P	165
2	Мойынның жарты айналымы	Cш	17,7

3.2 Киім сызбасына қажетті қосымшалар

Еркін қозғалу үшін қосымшалар киімнің түріне, және атқаратын қызметіне, оның моделі мен силуэтіне қарай тағайындалады. Техникалық, конструктивті – сәндік қосымшаларға сипаттама беру қажет. Таңдап алынған қосымшалар шамасы үшінші кестеге жазылады.

Кесте 3. Қосымшаларды таңдау және негіздеу

№	Қосымшалардың шартты белгілері	Қосымшалардың атауы	Мөлшері (см)
1	ПГ	Кеуде жарты орамының қосымшасы	5

3.3.Сызба торының алдын-ала жобаланған есебі

Кесте 4. Сызба торының алдын-ала жобаланған есебі


№	Сызба бөліктері	Сызбадағы шартты белгілері	Сызба бөліктерге бөлу (см)	Қосымшаны бөліктерге бөлу П (см)	Кеуде мен қосымша бөліктері Cг+П (см)
1	Арқа бойы				
2	Мойын ойындыс				

	ы			
3	Алдыңғы бойы			
	Барлығы:			

Кесте 5. Сызбаны салудың есебі

№	Конструктивтік бөліктер	Формулалар	Есептеулер	Нәтиже (см)
1	A ₀ a ₁	C _г +П	48,0+5,0	53,0
2				
3				

3.4 Бұйым сызбасы



2-сурет. Шалбардың сызбасы

4. Жабдықтармен жұмыс барысындағы техника қауіпсіздігі

Бұл бөлім өртке қарсы және техника қауіпсіздігі талаптары ҚР еңбек заңында негізінде жүргізілуі тиіс бұнда адам денсаулығы үшін зиянды болатын; жалпы желдеткіштерге; өндірістік цехтың жылулығына технологиялық процеске ерекше көңіл бөлінеді.

Техника қауіпсіздігі бөлімінде электроқондырғыдан, дыбыс және жарық жүйесімен сәуледен және дыбыс изоляциясынан дірілден, шудан қорғау үшін жалпы есептемелер бейнеленеді.

Өртке қарсы ішкі өрт сөндіру ұйымы, автоматты жүйеде өртті сөндіру болуы қажет.

Азаматтық қорғаныс ұйым кәсіпорынды, аварияны құтқарады және қалпына келтіреді.

Қоршаған ортаны қорғау жұмысы ағын суларды, зиянды газдарды және шандарды, суды қайта өңдеп тазарту заводтың айналасын көкалдандыру болып табылады. Тағыда бұл бөлімде өндірісте шикізат қалдықтарын өңдеу жолдары қарастырылады.

Қорытынды

Қорытындыда жобаның нәтижелері қысқаша беріледі. Әр пункт үлгіні таңдау, конструкторлық бөлім, сызбаларды тұрғызу барысында орындалған жұмыс нәтижелері туралы нақты қорытынды жасалуы қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Қолданылған әдебиеттер тізімі түсіндірме жазуының мәтінінде сілтемелер қатары немесе алфавит бойынша орналасқан барлық әдебиеттерден тұрады. ГОСТ 7.1 талаптарына сай әр әдебиеттің библиографиялық сипаттамасы беріледі.

3. Курстық жобаны қорғау тәртібі

Студенттер орындаған курстық жобаны комиссияның алдында қорғайды.

Түсіндірме жазу тексерілген және оқытушымен қол қойылған болу керек. Қол қойылмаған жазулар қорғауға жіберілмейді.

Студенттер баяндаманың құралуына көңіл аудару керек. Алдымен студент курстық жобаның тақырыбын айту керек және жоба мазмұнының орындалу қатарын қысқаша баяндау керек.

Курстық жобаны орындау барысында қолданған бағдарламалар мен жаңа әдістерге ерекше көңіл аудару керек.

Қысқаша баяндаманы айтқаннан кейін (уақыты 8-10 мин) студент комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап береді. Сұрақтар студенттің орындалған жобаны қаншалықты меңгергені бойынша қойылады.

Оқытушы сипаттамасының, түсіндірме жобасының орындалу сапасының, сонымен қатар қорғау барысында айқындалған білім негізінде орындалған жоба бойынша баға қойылады. Курстық жұмыс әр түрлі бағалармен бағаланады. Курстық жобаны қорғау соңында хаттама (Қосымша 3) толтырылады және студентке баға осы күні қойылады.

4. Баяндама құрылымы

Қорғау курстық жобаның материалдарын қысқаша баяндау бойынша жүргізіледі. Баяндама нақты, түсінікті және келесі қатар бойынша орындалу керек: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.

Кіріспеде курстық жобаның тақырыбы мен мақсаты нақты айтылу керек. Кіріспе негізінде курстық жобаның кіріспесіне негізделеді. Осы бөлімде әдістемелердің салыстырмалы сипаттамалары, олардың артықшылықтары

мен кемшіліктері, қолданылған әдістің дәлелдемелері, құралдар, сызбалар, технологиялар және т.б. жазылады.

Негізгі бөлім түсіндірме жұмысында материалдардың орналасуына сәйкес курстық жобаның мазмұнына арналады. Осы бөлімде есептер, тәжірибелік анықтамалар, олардың нәтижелері және т.б. жазылады.

Қорытынды қысқа әрі нұсқа болу керек. Нәтижелер, өңделген әдістеме, жетілдірілген әдістеме немесе есептер, тәжірибеде қолданылған тиімділіктер қысқаша жазылу керек.

Қодданылған әдебиеттер тізімі

1. Ларькина, Л. В., Шершнева, Л. П. Конструирование одежды. Теория и практика : учебное пособие / Л. В. Ларькина, Л. П. Шершнева. — М.: ИНФРА-М, 2023. — 288 с.
2. Бузов, Б. А., Румянцева, Г. П. Материалы для одежды. Ткани : учебное пособие / Б. А. Бузов, Г. П. Румянцева. — М. : Форум, 2023.
3. Рейра, А. Конструирование и моделирование женской одежды : учебник / под ред. А. Рейра. — Электрон. PDF, 2023.
4. Ким, И. С., Баширова, С. А. Проектирование одежды сложных форм и кроев : методические указания / И. С. Ким, С. А. Баширова. — Алматы : Эпиграф, 2021. — 112 с.
5. Ким, И. С., Кенжибаева, Г. С., Каюмова, У. Р. Макетный метод создания одежды : учебник / И. С. Ким, Г. С. Кенжибаева, У. Р. Каюмова. — Алматы : Эпиграф, 2021. — 216 с.
6. Сутеева, М. А., т.б. Тігін бұйымдарын үлгілеу және құрастыру : оқу құралы / М. А. Сутеева және т.б. — 2021.
7. Шершнева, Л. П., Ларькина, Л. В. Конструирование одежды : практические задачи и примеры : пособие / Л. П. Шершнева, Л. В. Ларькина. — М. : ИНФРА-М, 2023.
8. Злачевская, Г. М. Платья, брюки, комбинезоны. Конструирование и моделирование : учебное пособие / Г. М. Злачевская. — М. : АСТ, 2023.
9. Романова, Л. А. Конструирование детской одежды : учебное пособие / Л. А. Романова.
10. Шершнева, Л. П., Ларькина, Л. В. Конструктивное моделирование одежды в терминах, эскизах и чертежах : учебное пособие / Л. П. Шершнева, Л. В. Ларькина. — М., 2023.

Курстық жоба тақырыптарының нұсқалары

1. Тік белдемшенің жобалық-конструкторлық құжаттамасын дайындау
2. Жартылай қынамалы көйлектің сызбасын тұрғызу
3. Тік пішімді қыздар көйлегінің жобалық-конструкторлық құжаттамасын дайындау
4. Қыздарға арналған бриджидің жобалық-конструкторлық құжаттамасын дайындау
5. Бір өңірлі қыздар көйлегінің жобалық-конструкторлық құжаттамасын дайындау
6. «Ару қыз» атты ұранмен қыздар кешкі көйлегінің жобалық-конструкторлық құжаттамасын дайындау
7. Тік жағалы көйлектің жобалық-конструкторлық құжаттамасын дайындау
8. Ерлер шалбарының жобалық-конструкторлық құжаттамасын дайындау
9. Әйелдер шалбарының жобалық-конструкторлық құжаттамасын дайындау
10. Конусты белдемшенің жобалық-конструкторлық құжаттамасын дайындау
11. «Күн» белдемшенің жобалық-конструкторлық құжаттамасын дайындау
12. «Жартылай күн» белдемшенің жобалық-конструкторлық құжаттамасын дайындау
13. «Колокол» белдемшенің жобалық-конструкторлық құжаттамасын дайындау

«К. ҚҰЛДЖАНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ
БИЗНЕС УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ КОЛЛЕДЖІ

«Дизайн және технология» бөлімі

Хаттама № _____

Студенттің курстық жұмыс қорғаудағы есебі
Студент _____ тобы _____

Курстық жұмыстың тақырыбы _____

Қорғау кезінде қойылған сұрақтарға келесі жауаптар
алынды: _____

1. _____
2. _____
3. _____

Курстық жұмыс орындау кезінде (мүмкін болатын 60
балдан) _____ қорғау, кезінде (мүмкін болатын 40 балдан) _____

Жалпы балы _____

Курстық жұмыстың бағасы _____

Курстық жұмыстың жетекшісі _____

Комиссия мүшесі _____

Комиссия мүшесі _____

Қорғаған күні _____ 20 ж

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
колледжі

« 30» қазан 2025ж. №2 Хаттамадан үзінді

Оқу-әдістемелік кеңес отырысы
Төраға – Айтжанова Ш.Р.
Хатшы – Мухамедиярқызы А.
Қатысқандар саны: 20

1. МӘСЕЛЕ: Оқытушылардың әдістемелік құралдары туралы

№	Педагог аты жөні, тегі	Әдістемелік құралдарының атауы	Шешімі, ұсынылған деңгейі
1	Қожахметова Қарашаш Мырзамсейтовна	Финансовая грамотность	колледжішілік
2	Мендигалиев Ерденбек Бисентаевич	Строевая подготовка	колледжішілік
3	Акбарова Бота Ташкенбаевна	Биология пәнінен зертханалық жұмыс жиынтығы	колледжішілік
4	Ағыбаева Гулжаз Рыскулбековна	Колледж студенттеріне стандарттау және сертификаттау негіздерін оқытудың тиімді әдістері	колледжішілік
5	Исанов Нағашыбай Дюсенбаевич	Волейбол –дене тәрбиесі құралы	колледжішілік
6	Сейдахметова Светлана Жанбаторвна	Сборник тестовой задание по биологии	колледжішілік
7	Баймуханбетов Ербол Кадылбекович	Строевая подготовка	колледжішілік
8	Кенжебекова Гульмира Бимагамбетовна	Общая характеристика элементов IVA группы	колледжішілік
9	Кайрлин Серік Молкарбекулы	Қазақтың ұлттық ойындарын дене шынықтыру пәнінде қолдану	колледжішілік
10	Нурумова Гульнар Нурбаевна	Киімдерді құрастыру пәнінен курстық жұмысты орындауға арналған әдістемелік құрал	колледжішілік
11	Тұлеубаева Макпал Алдабергеновна	По выполнению курсовой работы для студентов специальности 02110300 «Графический и мультимедийный дизайн»	колледжішілік
12	Малгуч Айжан	Сала бойынша арнайы сурет пәнінен тест жинағы	колледжішілік

13	Мусаева Айнур Жанатаевна	02110300 «Графикалық және мультимедиялық дизайн» мамандығы бойынша арнайы пәндерден курстық жұмысты орындауға арналған	колледжішілік
14	Шалахын Роза	Тарихи деректерді талдау әдістері	колледжішілік

ШЕШІМІ: Колледж оқытушыларының оқу-әдістемелік құралдары колледжішілік деңгейіне таратуға ұсынылсын:

Төраға
Хатшы

Жеңіс -
М.Ж.

Ш. Айтжанова
А.Мухамедиярқызы